



Национальный центр
исследований и
оценки образования

МЕКТЕП ҮЙЛЕСТИРУШІЛЕРИНЕ АРНАЛҒАН «МЕКТЕПТЕРГЕ
АРНАЛҒАН PISA» ЗЕРТТЕУІН ҰЙЫМДАСТАЫРУ ЖӘНЕ ЖУРГІЗУ
БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ



«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер
және білімді бағалау орталығы» АҚ

Астана, 2024 ж.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
«Мектептерге арналған PISA» зерттеуі туралы.....	3
Зерттеудің негізгі тұлғалары.....	4
Құпиялылық.....	5
Зерттеу жүргізу уақыты	5
Зерттеудің дайындық кезеңі.....	6
Мектептер үшін орнату файлдарын алу.....	6
Мектеп үйлестірушілері үшін оқыту вебинарларын өткізу	6
Зерттеу жүргізу үшін компьютерлер мен аудиторияларды дайындау.....	6
Негізгі кезең	8

Kіrіcспе

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ (бұдан әрі – ТАЛДАУ) Білім беру үйімінің үйлестірушісі (бұдан әрі – мектеп үйлестірушісі) рөлінде зерттеуге қатысуға келіскеңіз үшін алғыс білдіреді. Мектеп үйлестірушісі ретінде сіз білім беру үйіміңіз, Ұлттық үйлестіруші және Тест әкімшісі арасындағы байланыстыруши тұлға ретінде жұмыс жүргізесіз. Бұл нұсқаулықтың мақсаты – «Мектептерге арналған PISA» зерттеуіне дайындалуға бағдарлау.

«Мектептерге арналған PISA» зерттеуі туралы

«Мектептерге арналған PISA» зерттеуі – Экономикалық ынтымақтастық және даму үйімінің (бұдан әрі – ЭЫДҰ) халықаралық стандарттарына сәйкес өзірленген жоба. Зерттеу 15 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін және қазіргі әлемде сиңи тұрғыдан ойлау және өз білімдерін шығармашылықпен қолдану қабілетін бағалау арқылы оқушылардың оқу мүмкіндіктерін жақсартуға және мұғалімдер мен мектеп әкімшілігіне қолдау көрсетуге бағытталған.

«Мектептерге арналған PISA» зерттеуі оқушыладың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық PISA бағдарламасының әдіснамалық шенберіне негізделген. Төрт жылда бір рет (2022 жылдан бастап үш рет) жүргізілетін негізгі PISA зерттеуінен айырмашылығы, «Мектептерге арналған PISA» халықаралық циклдардың жиілігіне қарамастан, жылына бір рет жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте, «Мектептерге арналған PISA» зерттеуінің деректерін дәстүрлі бағалау бағыттары (оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылықтары) бойынша PISA зерттеуінің нәтижелерімен салыстыруға болады.

Нәтижелерді ұлттық деңгейде ұсынатын PISA негізгі зерттеуінен айырмашылығы, «Мектептерге арналған PISA» зерттеуі салыстырмалы талдау жүргізу және жеке мектептің немесе колледждің жұмысын жетілдіру мақсатында білім беру үйімі деңгейіндегі нәтижелерге қол жеткізеді. Сонымен қатар, «Мектептерге арналған PISA» зерттеуі оқушылардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдылары туралы түсінік береді, сондай-ақ үлгерімі тәмен оқушылардың алдында тұрған қыындықтарды жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді, бұл қолда бар оқу олқылықтары мен білім беру жетістіктерін шешуге бағытталған нақты шаралар мен тәжірибелерді енгізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу қорытындысы бойынша Мектебінің (ЭЫДҰ-ның барлық рәсімдері сақтай отырып) PISA негізгі зерттеуіне қатысқан еліміздің және әлемнің басқа мектептерімен, сонымен қатар ЭЫДҰ орта балымен салыстырғанда математика, оқу, жаратылыстану пәндері бойынша мектептің 15-жастағы білім алушыларының функционалдық сауаттылық деңгейі туралы талдамалық есеп алады.

"Мектептерге арналған PISA" зерттеуі екі бөлімнен тұрады: оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалауға арналған математика, жаратылыстанию және оқу сауаттылығы бағыттары бойынша когнитивті тест, сондай-ақ оқушыларға арналған контекстік сауалнама. Оқушыларға арналған тест - бұл тесттің бір нұсқасында 57-ден 62-ге дейін өзгеруі мүмкін ерікті сұрақтардың жиынтығы.

Зерттеу үшін таңдалған оқушыларға сауалнама тестілеуден кейін жүргізіледі. Оқушылардың сауалнамасына шамамен 30-40 минут уақыт беріледі. Сауалнама сұрақтары мұғалімдердің оқушылармен қарым-қатынасына, мектептегі тәртіптік климатқа, оқушылардың оқуға деген қарым-қатынасына, олардың мотивация деңгейіне, сондай-ақ олардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларына қатысты.

2020 жылдан бастап "Мектептерге арналған PISA" зерттеуі "Janison Replay" бағдарламасын пайдалана отырып, компьютерлік форматта жүргізіледі. "Janison Replay" бағдарламасын орнату бойынша қадамдық нұсқаулық "Janison replay" цифрлық қосымшасын орнату бойынша нұсқаулық" құжатында берілген.

Зерттеудің негізгі тұлғалары

"Мектептерге арналған PISA" зерттеуін жүргізу барысында келесі негізгі тұлғалар жұмылдырылды:

ЭҮДҰ – зерттеуді сүйемелдеу бойынша консультациялық және әдіснамалық қолдауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ зерттеу қорытындылары бойынша есептер түрінде нәтижелерді ұсынады. ЭҮДҰ міндеттері:

- зерттеу жүргізу рәсімдерін түсіндіру;
- зерттеу құралдарын ұсыну (тест сұрақтары, сауалнама);
- зерттеу нәтижелері бойынша деректерді келісу;
- мектептер үшін есептерді қалыптастыру.

Janison үйімі – зерттеуді техникалық қолдауды қамтамасыз етеді, тест бағдарламасын қалыптастырады. Janison міндеттеріне мыналар кіреді:

- зерттеу жүргізу үшін Janison Replay бағдарламалық жасақтаманы (бұдан әрі – БҚ) ұсыну;
- талдау командасын БҚ және цифрлық платформаны, сондай-ақ оқушылардың ашық сұрақтарға жауаптарын кодтау жүйесін пайдалану бойынша оқыту;
- әрбір білім беру үйімі мен оқушылар үшін БҚ орнату файлдарын, логиндерді, парольдерді ұсыну;
- ЭҮДҰ талдауы базасында есептерді қалыптастыру;
- Тест әкімшісіне, зерттеу жүргізу бойынша Мектеп үйлестірушісіне нұсқаулықтар мен нұсқаулар беру.

Зерттеу операторы – «Ахмет Байтұрынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ (ТАЛДАУ).

Ұлттық үйлестіруші – ел деңгейінде зерттеу жүргізудің барлық үдерісіне жетекшілік ететін және ЭҮДҰ-ның қосалқы мердігерлік үйімі болып табылатын және жобаны цифрлық сүйемелдеуге жауапты ЭҮДҰ және Janison командасымен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын талдаудағы мамандардың жобалық тобы.

Мектеп үйлестірушісі – әр мектепте мектеп деңгейінде зерттеу жүргізудің бүкіл процесін бақылайтын бір жауапты үйлестіруші тағайындалады. Мектеп үйлестірушісінің міндеті - техниктің көмегімен зерттеу жүргізу үшін аудиториялар мен компьютерлерді дайындау, зерттеу жүргізу үшін қажетті бағдарламаны алдын-ала белгілеу. Сонымен қатар, міндеттерге барлық мұғалімдерді, оқушыларды және олардың ата-аналарын мектепте зерттеу жүргізу туралы хабардар ету, сондай-ақ ең тиімді ынтымақтастық үшін тест өкімшісімен өзара әрекеттесу кіреді.

Тест өкімшісі – ЭҮДҰ ұсынған сценарийіне сәйкес зерттеу жүргізілетін әрбір аудиторияда мектеп оқушылары үшін тестілеу мен саулнама жүргізуді жүзеге асыратын білім басқармасының өкілі. Тест-өкімшінің міндеті - аудиторияларда оқушыларды тестілеу және саулнама жүргізу кезеңін барынша сапалы өткізу, зерттеу деректерінің құпиялышының сақтауды қамтамасыз ету, алынған барлық деректер сақталуы үшін бағдарламаны компьютерде дұрыс аяқтау және зерттеу платформасына деректерді жүктеу.

Техникалық маман – мектеп IT-маманы (информатика мұғалімі, инженер), тестілеуді өткізу үшін компьютерлік техниканы дайындауға және бағдарламалық қамтамасыз етуді орнатуға жауапты. Тестілеу кезінде ол компьютерге немесе бағдарламалық жасақтамаға қатысты техникалық мәселелерге жауап береді.

Тәуелсіз бақылаушы — зерттеу талаптарына сәйкес зерттеу жүргізу тәртібін тәуелсіз бақылауды қамтамасыз етеді.

Құпиялышы

"Мектептерге арналған PISA" зерттеуінің құпиялышы маңызды рөл атқарады және сенімді әрі объективті нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сондықтан Мектеп үйлестірушілері мен Тест өкімшілеріне тестілеу кезінде зерттеу тапсырмалары мен сұрақтарын окуға, сондай-ақ зерттеуге қатысты кез келген материалдарды көшіруге қатаң тыйым салынады.

Зерттеу жүргізу уақыты

"Мектептерге арналған PISA" зерттеуін жүргізу уақыты төмендегі кестеде келтірлген.

Зерттеу кезеңдері

Уақыты

Зерттеуді бастауға аудиториялар мен компьютерлерді дайындау	60-90 минут
Қатысушылар логин мен пароль көрсетілген жеке лэйблдерді алып, өз орындарын тауып, тестілеуді бастауға дайындалады	(шамамен) 5-7 минут
"Тестілеу" кезеңіне арналған нұсқаулықты оқу	5 минут
Бағдарламага кіру, кіріспе бөліммен және жаттығу тапсырмаларымен танысу	5-10 минут
1 бөлім - тест	60 минут
Үзіліс	5 минут
2 бөлім - тест	60 минут
Тест аяқтау	-----
Үзіліс	10-15 минут
"Сауалнама" кезеңіне арналған нұсқаулықты оқу	5 минут
Сауалнама	(шамамен) 35 минут
Сауалнаманы аяқтау, бағдарламадан шығу	-----
Тест өкімшісінің деректерді серверге жүктеуі	(шамамен) 30 минут

Зерттеудің дайындық кезеңі

Мектептер үшін орнату файлдарын алу

Зерттеуден екі апта бұрын Janison компаниясы талдаудың жобалық тобына әр мектеп үшін орнату файлдарын ұсынады. Әр мектеп үшін жеке пароль беріледі, ол бағдарламаны орнатқан кезде сұралады. Оқушылардың логиндері мен парольдері қатаң (!) құпия деректер болып табылады және оқушыларға тестілеу күні ғана беріледі.

Мектеп үйлестірушілері үшін оқыту вебинарларын өткізу

Халықаралық зерттеу жүргізу рәсімдерін түсіндіру мақсатында талдаудың жобалық тобы зерттеуге қатысатын Мектеп үйлестірушілері мен техникалық мамандары үшін оқыту вебинарларын өткізеді.

Зерттеу жүргізу үшін компьютерлер мен аудиторияларды дайындау

Мектеп үйлестірушісі мен мектептің техникалық маманының міндеттеріне өз мектебінде зерттеу жүргізу үшін компьютерлер мен аудиторияларды дайындау кіреді.

Зерттеуге шамамен 2-3 апта қалғанда, мектеп үйлестірушісі атынан әр мектеп поштага бағдарламалық жасақтаманы орнату файлын, орнатуға арналған жеке парольді, мектептің PIN-коды бар Excel файлын, құрылғылардың әрқайсысын тексеру үшін логин мен парольді алады. Сонымен қатар, мектеп үйлестірушісі бағдарламалық жасақтаманы орнату және оны одан әрі тексеру туралы толық ақпараты бар техникалық маманға нұсқаулық алады.

"Мектептерге арналған PISA" зерттеуін жүргізуге бөлінген аудиториядағы әрбір дербес компьютер/ноутбук нұсқаулыққа сәйкес тексерілуі тиіс. Зерттеуге қатысушылар үшін қаламдар, бос парақтар, таза тақта дайындалуы керек. Аудиторияда сағаттардың болуы міндетті.

Зерттеу жүргізу қарсаңында немесе күні талдаудың өкілдерінің қатысуымен барлық аудиториялар мен дербес компьютерлерге тексеру жүргізу қажет. Бұл барлық дербес компьютерлердің жұмыс істейтініне, оларға қажетті бағдарламалар орнатылғанына және зерттеудің басталуына дайын екендігіне көз жеткізу үшін қажет.

Негізгі кезең

“Мектептерге арналған PISA” зерттеуін білім беру үйымдарында өткізу

Зерттеу басталардан бір-екі күн бұрын мектеп үйлестірушісі қатысушыларға зерттеу жайлы хабарлап, оларға аудиторияға әкелуге болатын және қатаң тыйым салынатын заттар туралы нұсқаулар беруі тиіс. Тестілеу күні тест әкімшілерінің келгеніне дейін мектеп зерттеу жүргізуге толық дайын болуы тиіс.

Аудиторияға мектеп сәмкелерін, оқушылардың қалам мен су бөтелкелерінен басқа кез келген оқу құралдарын кіргізу рұқсат етілмейді, ұялы телефондарға қатаң тыйым салынады (!). Оқушыларға зерттеу сұрақтары мен тапсырмаларын фотосуретке немесе бейнеге түсіруге, әлеуметтік желі арқылы басқа адамдарға жіберуге және сыйыптастарының немесе мұғалімдердің көмегін пайдалануға қатаң тыйым салынатыны туралы нұсқау берілуі керек (!).

Мектеп үйлестірушісінің міндепті – барлық оқушылардың барынша қатысуын қамтамасыз ету, зерттеу жүргізу кезінде мектеп дәліздерінде тыныштық пен тәртіпті қамтамасыз ету. Оқушылардың өз уақыттарын басқара алуы үшін аудитория қабырғаларына сағаттар орнатылуы керек. Сондай-ақ, мектеп үйлестірушісі зерттеуге қатыса алмайтын оқушылардың растау құжаттарын алдын-ала дайындауы керек: анықтамалар, бұйрықтар, ата-аналардың түсіндірмелері және т. б.

Техникалық маманның міндепті – аудиториялардағы компьютерлердің ақаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда тест әкімшісіне техникалық көмек көрсету.

Тест әкімшісінің міндепті – зерттеуді нұсқаулыққа сәйкес үйымдастыру. Қажет болған жағдайда, мектеп үйлестірушісімен және техникалық маманмен өзара жұмыс жасау. Әр аудиторияда бір тест әкімшісінен болады. Сонымен қатар, тест әкімшісінің міндептерінің бірі - тест тапсырмаларын құпиялышығын қатаң сақтау болып табылады (қажет болған жағдайда мобиЛЬДІ құрылғыларды жинап алу).

Тестілеуден бір жарым сағат бұрын мектеп үйлестірушісі дербес компьютерлерді қосып, “Janison Replay” бағдарламасын іске қосып, тестілеуді бастауға дайындауы керек. Төтенше жағдайлар үшін әр аудиторияға қосымша тағы бір компьютерді әзірлеп қойған жөн. Сондай-ақ, барлық аудиторияның зерттеу жүргізуге дайын екендігіне, сағат пен оқушыларға арналған қалам және таза параллар бар екендігіне көз жеткізу керек.

Әр оқушы тест әкімшісінен өзінің логині мен паролі бар жеке лейблын алып, аудиторияға бір-бірден кіреді. Барлық оқушының орындарына отыруын күтіп, содан кейін ғана зерттеудің ресми басталуын жариялау керек. Тестілеу кезінде аудиторияда тек тест әкімшісі және тәуелсіз бақылаушы болуы шарт.